

БЮДЖЕТ ШЫҒЫСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Мақсаты: бюджет шығыстарының экономикалық мазмұның ашу, қалыптастыр факторларын сипаттау, жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге жұмсалатын бюджет шығыстарын қалыптастыру.

Тақырыптың жоспары:

1. Бюджет шығыстарының экономикалық

мазмұны мен жүйесі. Бюджет түрлері

1. Жанна

шығыстарды

мемлекеттік қызметтерге жұмсалатын

2. Қорғаныс бюджеті




қоғамдық тәртіп шығыстарын, пен қауіпсіздік,

соттар мен прокуратураға арналған

бюджет

шығыстарын

қалыптастыру



Мемлекеттің функцияларын іске асыру мүмкін, егерде олар материалдық құралдармен камтамасыз етілсе, себебі мемлекеттің іс-әрекеті мемлекеттік құралдардың тікелей шығыстарымен байланысты. Шығыстар нақты шығындардың көлемін көрсетеді. Сондықтан, бюджеттердің барлық деңгейлері бойынша мемлекеттік шығыстардың бір-бірімен өзара байланысты нақты түрлерінің жиынтығы әрбір мемлекеттің бюджет шығыстар жүйесі болып табылады. Шығыстар жүйесін құру-құралдардың арнаулы бағыттау, үнем режимі мен мемлекеттік құралдарды жұмсаудың қайтып оралмас принциптеріне негізделеді.

Мемлекеттік шығыстар мақсатты белгілеулер бойынша қатаң іске асыруға тиіс, яғни бюджетте қарастырылған бағыттар бойынша. Құралдардың қайтып оралмас принципі негізінде әлеуметтік саланы қаржыландыруда пайдаланады. Ал, егерде экономиканың дамуын қаржыландыру құралдары жөнінде айтсақ, онда нәтижелік инвестициялау орын алады, яғни бұл арада бөлінген бюджеттік құралдарды қайтару принципі әрекетте болады. Үнем режимін сақтау принципі - ол өз алды бюджет шығыстарын төмендетудің формалары мен әдістерінің жүйесі. Бұл жүйе бюджет ресурстарын нәтижелі және тиімді пайдалануды іске асыруға мүмкіншілік береді.

Мемлекеттік бюджет шығыстары жүйесі бірнеше факторлармен шарттанады, олардың ішінде негізгі болып мемлекеттің табиғаты мен функциялары, елдің әлеуметті-экономикалық даму деңгейі, мемлекеттің әкімшілік-аумақтық жайластырушылығы, бюджеттік құралдар беру формалары саналады. Мемлекеттік бюджет шығыстарының құрамы мен құрылымы олардың экономикалық мазмұны және жалпы ішкі өнімді бөлу жөніндегі мемлекет алдында тұрған мақсаттармен анықталады. Бюджет шығыстарының ел экономикасындағы рөлі мен мәнін анықтау мақсатпен олар әр түрлі белгілер бойынша жіктеледі. Бюджет кодексінде бюджет жүйесінің барлық деңгейлері бойынша әрекеті бар бюджет шығыстарының жіктеуі тағайындалған.

- Мемлекеттің барлық шығыстары негізінде мемлекеттік бюджетте шоғырланған құралдар арқылы қаржыландырыланады. Бұл шығыстарды қоғамдық қайта өндірістегі рөліне байланысты келесі екі топқа бөлуге болады:
- өндірістік қорларды ұлғайту мен өндірістің үздіксіз процесін қамтамасыз ету үшін;
- қоғам мүшелерінің әлеуметті-мәдениеттік мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін.

- Бірінші топқа - мемлекеттік бюджеттің экономиканы қаржыландыруға бағытталған шығыстары жатады.
- Екінші топқа - әлеуметті-мәдениеттік шараларды, білім беруді, ғылым, қорғаныс пен мемлекетті басқаруды қаржыландыру үшін арналған бюджет шығыстары жатады.

Осы екі топ арасындағы арақатынас бюджеттің тиімділігін анықтайды. Экономиканың бәсеке қабілеттілігі дамуға бағытталған шығындардың деңгейі қаншалықты жоғары және бюджеттің тұтынушылық шығындары соған сәйкес төмен болса, соғұрлым бюджет құралдарын пайдалану тиімділігі жоғары болады. Әрине, бюджет құралдарын пайдалану тиімділігі бұл арада мемлекеттік бюджеттің шығыстарын калыптастыру әдістеріне, мемлекеттің жүргізіп жатқан әлеуметтік саясатына және елдің бүгінгі күнгі әлеуметті-экономикалық ахуалына байланысты.